

ӘОЖ 130.2(574)

А.Т. Құлсариева\*, Д. Сихымбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: aktolkyn7778@mail.ru

### Қазақстан Республикасындағы қазақ тілді БАҚ-ғы діни жағдайды сипаттаудағы негізгі бағыттар

(«Бар қазақ – бір қазақ: діни-мәдени аспектілері» ғылыми жоба аясында даярланған)

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасындағы діни жағдай - қазіргі таңдағы БАҚ-тың жиі көтеретін мәселелерінің бірі. БАҚ қоғамдық санаға ықпал ететін ең маңызды құрал екенін ескере отырып, авторлар қазіргі діни жағдайды сипаттаудағы БАҚтың негізгі бағыттарын анықтауға тырысты. Қазақ тілді БАҚ жүргізілген мониторинг үш республикалық қоғамдық-саяси газеттер, «Алаш Айнасы», «Айқын», «Жас Алаш» және Қазақстан Республикасы Мұсылмандар Діни Басқармасына қарасты «Ислам және өркениет» газеті мен «Иман» журналын қамтыды. Аталмыш мониторингтің мақсаты 2011 жыл мен 2012 жылдың маусым айларындағы ҚР діни мәселелерге қатысты авторлардың негізгі көтеретін мәселелері мен позицияларын анықтау болды. Мониторингтің нәтижесінде БАҚ құралдарында жиі көтерілетін мәселелер: Қазақстан Республикасындағы діни жағдай; мемлекеттік биліктің дін саласындағы жүргізіп отырған саясаты; діни және ұлттық идентификация; елдегі діни сауатсыздық; «дәстүрлі емес» діни ағымдар; шетелдердегі діни орындардағы білім алу мәселесі; «дәстүрлі» конфессиялар. Мақалада аталмыш мәселелерді шешу бойынша авторлардың негізгі позициялары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** БАҚ, діни жағдай, діни сенім, діни ұйымдар, конфессия.

Кеңес Одағының ыдырауы бүкіл посткеңестік мемлекеттердің қоғамдық-саяси және экономикалық даму салаларында, рухани өмірі мен саяси құрылымдарына түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қазіргі ТМД елдерінің аталмыш салалардағы даму бағыттарында ерекшеліктері болғанымен де, барлығына ортақ жағдай – қоғамның рухани өміріндегі діни сенімге қатысты мәселелер, дәлірек айтсақ дүниетанымдық бағыттың алуандылығы, діни плюрализм мен дәстүрлі мәдениет арақатынасы. Жиырма жыл ішінде терең тамырын жайған діни плюрализм бүгінгі Қазақстан қоғамында да күрделі де қарама-қайшылыққа толы мәселелердің мәнін ашты. Атап айтар болсақ: түрлі жаңа діни ағымдардың ұлттық және діни идентификациясы бірлігіне ықпалы, араб-мұсылман елдерінен келген түрлі бағыттардағы идеологиялардың әсерінен дәстүрлі мәдениетпен келіспеушілік мәселесі және саясаттандырылған діни ұйымдардың қоғам тұрақтылығына қауіп төндіретін іс-әрекеттері.

Тәуелсіздік жылдарында, нарық экономикасы жағдайында, шетелдік миссионерлер

де посткеңестік кеңістіктегі рухани дағдарысқа ұшыраған халықтардың сұранысын қанағаттандыруға асығып, бірқатар жетістіктерге жетті. Халықаралық түрлі адам құқығы және діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтық актілер бұрын діни плюрализммен ісі болмаған посткеңестік мемлекеттерге шексіз таралу мүмкіндігін қамтамасыз етті. Нәтижесінде, дәстүрлі емес діндердің кеңінен таралуы елдегі діни жағдайды одан ары өршітіп, елдегі онсыз да қалыптасып үлгермеген дінаралық қарым-қатынастар тепе-теңдігін бұзды.

Діни сенім бостандығы жөніндегі ұлттық заңнамалар, халықаралық құқықтық актілер соңғы кезде бұрынғы кеңестік республикаларда мемлекетаралық және дінаралық қатынастарды, елдегі діни жағдайды реттеуде көптеген қиындықтар мен қайшылықтарды туындатып отыр. Бір жағынан конфессионалды құрылымдардың күшеюі байқалса, екінші жағынан елімізде және жалпы одақтас мемлекеттерге дәстүрлі емес діни ағымдар саны кеңінен таралып отыр. Жаңа діни ағымдар қоғамдық өмірдегі рухани салада басым болуға ұмтылып, түрлі іс-шаралар арқылы өз

қатарын көбейтуге тырысады. Ал, бұл дәстүрлі болып табылатын ислам, православие діндері тарапынан теріс құбылыс деп бағаланады. Дәстүрлі емес діндер бәсекелестік заңдары бойынша әрекет етіп, қоғамдық өмірді діндер нарығына айналдырып отыр, сонымен қатар, олар батыс елдеріндегі тәрізді ұлттық заңнамалар мен халықаралық құқықтық актілерге сүйене отырып, өз құқықтарын қорғауға ұмтылады. Нәтижесінде, мемлекет пен дін арасындағы қатынастарды күрделендіріп, өзге діндермен қарым-қатынас барысындағы күрделі жағдайды өршітеді.

Аталған себептерге байланысты мемлекет-конфессия аралық қатынастарды реттеу саласында мемлекеттік басқару жүйесін жақсарту және елдегі ұлттық мүддеге сай дәстүрлі емес діни ағымдар мен ұйымдарды реттеу мақстында сенім бостандығы мен діни ұйымдар жөніндегі заңдарға өзгерістер енгізу қажеттілігі тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар барлық ТМД елдерінде туындап отыр.

Осыған орай, авторлар БАҚ діни жағдайға қатысты көтеріліп отырған мәселелерді талдауға әрекет жасады. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамындағы қазақ тілді БАҚ-ғы дінге қатысты мәселелер орыс тілді БАҚ-мен салыстырғанда ұлттық мүдде тұрғысынан жиі көтеріледі. Авторлар 2011 жылдың маусым айынан 2012 жылдың маусым айлары арасындағы кезеңде келесі қазақ тілді газеттер мен журналдарға мониторинг жүргізді. Солардың ішінде, республикалық қоғамдық-саяси газеттер: «Айқын», «Алаш Айнасы», «Жас Алаш»; Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасына қарасты «Ислам және өркениет» газеті мен «Иман» діни-танымдық журналы. Республикалық деңгейдегі алғашқы үш газеттерге мониторинг жүргізудің себебі олардың басқа газеттермен салыстырғанда діни мәселені жиі көтеруінде. Аталмыш газеттердегі жиі көтерілетін мәселелер: 1) Қазақстан Республикасындағы діни жағдай; 2) мемлекеттік биліктің дін саласындағы жүргізіп отырған саясаты; 3) діни және ұлттық идентификация; 4) елдегі діни сауатсыздық; 5) «дәстүрлі емес» діни ағымдар; 6) шет елдердегі діни орындардағы білім алу мәселесі; 7) «дәстүрлі» конфессиялар.

Жоғарыда келтірілген қазақ тілді БАҚ-ғы авторлардың мемлекеттік, ұлттық, діни позициялары тұрғысынан діни мәселеге қатысты көзқарастарына талдау жүргізе отырып, келесі

қорытынды шығаруға болады. Мақала авторлары мемлекеттік билік пен ұлттық ұстаным тұрғысынан дәстүрлі дін қызметкерлері жаңа діни ағымдарға қатысты теріс пікірде екендігін, тіпті оларға қарсылық танытып, оларды ұлттық қауіпсіздікке, ел бірлігіне, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылыққа, ұлтаралық және дінаралық келісімге үлкен қауіп төндіріп, болашақ ұрпаққа кері ықпалын тигізеді деп есептейтіндігін танытады. БАҚ-на берген сұхбаттарда немесе жазылған мақалаларда авторлар елдегі діни жағдайдың күрделенуі түрлі діни ағымдар мен секталардың көбеюіне тікелей тәуелді екендігін алға тартып, оларға тіркелу барысында жеңілдіктер берілуін мемлекеттің осы уақытқа дейін жүргізіп келген осал саясаты деп айыптайды. Авторлар көптеген діни ағымдар қоғамда тек жікшілдікті туындатады, сондықтан да діни бірлестіктердің қызметін шектеп, оларға қатысты мемлекеттік саясатты күшейтуге шақырады.

Оппозициялық бағыттағы «Жас алаш» пен ұлттық ұстанымдағы «Қазақ» газеттерінің авторлары діни плюрализм жағдайын ұлттық ұстаным тұрғысынан қатаң сынға алып, ислам діни Қазақстан халқының басым көпшілігінің және мемлекет түзуші халықтың діни болғандықтан оған өзге діндер алдында ерекше басымдықтар беру керек деп есептейді. Сонымен қатар, исламды басқа діндермен қатар қойып, оларға бірдей құқық беріп, салыстыру дұрыс емес деп санайды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары белсенді миссионерлік іс-әрекеттер алаңқайына айналғаны белгілі. Діни істер жөніндегі Комитеттің мәліметтеріне сәйкес, елде әлемнің 25 мемлекетінен 367 миссионерлер қызмет етеді. Олар негізінен АҚШ, Словакия, Польша, Германия, Оңтүстік Корея, Италия, Украина және тағы басқа мемлекеттерден келген азаматтар. Оған қоса, Қазақстандағы жаңа діни ағымдардың барлығы дерлік шетелдік миссионерлердің қызметін пайдаланады [1].

Қазақстанда қазіргі кезде 4 551 діни бірлестік бар. Салыстыра кетсек: 1990 жылы олардың саны небары 670 болатын. Байқап отырсақ, 8 есеге дейін өсім бар көрінеді. Бұл ойландыратын жағдай екендігі көрініп тұр.

«Қазақстан тұрғындарының басым бөлігі дінді этникалық мәдениеттің және ұлттық салт-дәстүрдің элементі ретінде қарастырады. Дәстүрлі діни институттардың ықпал ету аясы

кеңеюде, халықтың діни ықпалға бой алдыруы жиілеуде, діни бірлестіктердің әлеуметтік функциялары күшеюде, діни білімнің рөлі артуда, діни миссионерлердің қызметі жандануда». [2]

Елдегі діни алуандылық қазақ тілді БАҚ-тың жиі көтеріп отырған өзекті мәселесі болып отыр. Осы орайда, діни плюрализмді сипаттай келе, «Қазақ» газетінің №9 (575-576) нөмірінде Жұмамұрат Шәмші «50 миллион халқы бар Оңтүстік Кореяның 60 пайыз азаматтары 30 жыл ішінде шоқындырылды, ал, 10 миллион халқы бар қазақ халқының тағдыры сонда не болмақ?» – деп толғанады. «Жас Алаш» газетінің 2011 жылғы №88 нөмірінде Ерік Рахым: «Қай мемлекет бізде 130 халық тұрады және біз діни ұйымдардың санын көбейттік деп мақтанады?» деп діни алуандылыққа қарсы пікір айтады.

Республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінің 2012 жылғы № 26 нөмірінде Мырзатай Жолдасбеков былай деп жазады: «1,5 миллиард халқы бар Қытайда небары 4 конфессия ғана бар, ал 16 миллион халқы бар Қазақстанда 46 конфессияның өкілдері болып табылатын 4000-нан астам діни бірлестіктер қызмет етеді. Біз тәуелсіздігімізді жақында ғана алдық, мұндай діни алуандылық біздің еліміз үшін қауіпті емес пе? Әрине, қауіпті. Сондықтан да, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер жөніндегі» жаңа заңы діни идеологиялардың алуандылығын реттеуі қажет. Менің ойымша, идеологиялық мәселелерді кейінге шегеру ұлтымыздың бірлігі мен ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді».

Жалпы қазақ тілді БАҚ беттерінде шет елдердегі тәжірибені қарастыра отыра, олардың тарихи-мәдени маңызы бар діндерді өзге діндер арасында бөліп көрсетіп, оған қолдау беру тәжірибесін енгізу жиі ұсынылады. Авторлардың пікірінше, халықаралық қауымдастық пен ұйымдар алдындағы талаптар мен құқықтық актілерді ескере отырып, ұлттық мүдделерге жауап беретін жаңа конфессионалды саясат концепциясын қарастыру қажет. Барлық діндердің заң алдында тең принципін қамтамасыз ете отырып, дегенмен де көптеген либералды-демократиялық батыс елдеріндегі сияқты дәстүрлі діндердің тарихи-мәдени маңыздылығы ескеріліп, өзге діндер арасындағы артықшылығын бекіту мемлекеттің дәстүрлі діндермен қарым-қатынасының құқықтық негіздерін беру қажеттілігі айтылады. Сонымен қатар, бұл принцип посткеңестік елдердегі

деструктивті діни ұйымдардың экспансиясын тежейді деп қарастырылады. Осы принциптен діндер мен олардың бағыттарының мемлекетке тарихи маңыздылығы жағынан жіктеу шығады.

Қазақстан Республикасының діни ұйымдар мен конфессияларға қатысты мемлекеттік саясатын жан-жақты зерттеген ғалым М. Онучко жаңа, дәстүрлі емес діни ағымдарды сараптай келе, келесі екі мәселені бөліп көрсетеді:

1. Дәстүрлі емес діндердің жаппай таралуы елдегі діни ағымдардың балансының бұзылуына алып келді. Дәстүрлі діндер шетелдік миссионерлердің іс-әрекетіне өте теріс көзқарас танытып, оларды прозелитизимен айналысуды деп айыптайды. Осыған байланысты, ел арасында жаңа діни ұйымдардың іс-әрекетіне қарсы ұлттық және діни негіздегі қақтығыстарға алғышарттар мен жағдай туындайды.

2. Дәстүрлі емес діндердің әрекеті жастарды өз жанұяларынан кетуге және дәстүрлі ұлттық құндылықтарынан бас тартуға, ұлттық дәстүрлі мәдениетті бұзуға алып келеді [3]. Зерттеушінің бақылаулары қазақ тілді БАҚ беттеріндегі жиі көтерілетін өзекті мәселелермен ұштасып жатыр деп айтуға болады.

Жаңа діни ұйымдардың экспансиясы бір ғана Қазақстан мемлекетін ғана емес, сонымен қатар, бірқатар еуропа елдерін де аландатып отыр. Дін және діни ұйымдар туралы мемлекеттік заңдардың елдегі діни жағдайдың даму бағытына айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз. Аталмыш заңдар қоғамда жағымды және жағымсыз пікірлер мен іс-әрекеттерге алып келуі мүмкін. Қазақстан Республикасы бұрынғы кеңестік мемлекеттер арасында діни ұйымдарға қатысты ең либералды заң қабылдаған бірден бір мемлекет болып келген. Алайда, елдегі түрлі діни ұйымдардың заңсыз іс-әрекеттері қоғам мен дәстүрлі мәдениетке тигізетін кері ықпалдарының артуы нәтижесінде өткен жылдың (2011 жылдың) қараша айында Қазақстан Республикасы діни ұйымдарға қатысты жаңа Заң қабылдады. Ол Заң көптеген уақыт бойы БАҚ-да жарық көрген мақалалардағы, Қазақстан Республикасының азаматтары, қоғам және мемлекет қайраткерлері тарапынан деструктивті діни ұйымдар мен миссионерлердің іс-әрекеттерін шектеу туралы берген ұсыныстардан да туындап отыр. «Діни ұйымдар және миссионерлік іс-әрекет жөніндегі» Заң қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздік мақсатында елдегі діни жағдайды қатаң бағалап, дін негізіндегі экстремистік және

радикалды іс-әрекеттердің алдын алуға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы діни жағдай ол мемлекеттің тек ішкі мәселесі мен саясаты ғана емес, оған әрине, көптеген сыртқы факторлар да ықпал етеді. Шетелдік діни ұйымдар Қазақстан территориясында өз құндылықтары мен дүниеге деген көзқарастарын кеңінен таратуға ұмтылады. Бұл діни және мәдени құндылықтар Қазақстандағы дәстүрлі құндылықтармен көп жағдайда ұштаспай жатуы да мүмкін. Дегенмен, Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық қауымдастық алдындағы жауапкершіліктеріне орай, шетелдік діни ұйымдардың іс-әрекеттері мен қызметтерін шектей алмайды.

Соңғы жылдары, дәстүрлі емес діни ұйымдардың ұлт бірлігі мен дәстүрлі мәдениетке тигізер зиянды ықпалы жөнінде көп айтылды, дегенмен, дәстүрлі емес діни ағымдарды Қазақстан халқының өте аз бөлігі ғана ұстанады.

Алғашқы кезде өте тартымды болып келген жаңа діни ағымдар ұлттық құндылықтарды кеңінен және белсенді дәріптеу нәтижесінде, бұрынғы тартымдылығынан айырылып келеді. Десек те, дәстүрлі мәдениетін жаңғыртып отырған Қазақстан қоғамы үшін жаңа діни ағымдардың іс-әрекеттері наразылық пен түсінбеушіліктен басқа жағымды сезімдерді туындатпайды.

### Әдебиеттер

1. Амангелды Айталы. Государство и религия // Мысль. – 2011. – 7-17 бб.
2. ҚР Діни істер агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф берген интервью. // Интерфакс-Қазақстан» агенттігі. – 2011. Қыркүйек. (С).
3. Онучко М. Современная государственная политика Республики Казахстан по отношению к религиозным конфессиям (Диссертация). – Астана, 2006.

Актолкын Кулсариева, Дамира Сихимбаева

### Основные тенденции в освещении казахскоязычными СМИ религиозной ситуации в Республике Казахстан

В данной статье представлен мониторинг казахскоязычных СМИ по религиозной ситуации в Республике Казахстан за период июнь, 2011 год – июнь, 2012. Авторы попытались анализировать основные тенденции и позиции авторов в освещении религиозной проблематики.

**Ключевые слова:** СМИ, религиозная ситуация, религиозная вера, религиозные организации, конфессия.

Aktolkyn Kulsariev, Damira Sikhimbayeva

### The main trends of Kazakh mass media in covering on religious situation in Republic of Kazakhstan

In given article the monitoring of Kazakh mass media articles on religious situation in Kazakhstan was carried out. The authors attempted to define the main direction of authors in Kazakh media in covering religious themes.

**Keywords:** mass media, religions situation, religions faith, religions organization, konfessions.